

"Павлодар облысы бойынша Тексеру комиссиясы"
мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы бойынша
Тексеру комиссиясының 2019
жылғы 4 қарашадағы № 16/11
қаулысы. Павлодар облысының
Әділет департаментінде 2019
жылғы 6 қарашада № 6595 болып
тіркелді

Государственное учреждение "Ревизионная
комиссия по Павлодарской области"

**Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясының 2018 жылғы
13 наурыздағы «Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясы»
мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы»
№ 1-11/1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан
Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 33-бабы 5-тармағына,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы «Мемлекеттік
әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы» № 13
бұйрығына сәйкес, Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясы **ҚАУЛЫ
ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясының 2018 жылғы
13 наурыздағы «Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік
мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін
бағалау әдістемесін бекіту туралы» № 1-11/1 қаулысына (Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5932 болып тіркелген, 2018 жылғы 11
сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық
бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының барлық мәтіні бойынша «ұйымдастыру-құқықтық
жұмысы және сапа бақылау бөлімі», «ұйымдастыру-құқықтық жұмысы және сапа
бақылау бөлімінде», «ұйымдастыру-құқықтық жұмысы және сапа бақылау



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

бөлімінің», «ұйымдастыру-құқықтық жұмысы және сапа бақылау бөлімімен» деген сөздері «құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімі», «құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінде», «құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің», «құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімімен» тиісінше сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ж. Шейхисламға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Тексеру
комиссиясының төрағасы**

**А.
Курманова**